

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ  
МӘСЛИХАТЫ



МАСЛИХАТ  
ГОРОДА АЛМАТАЫ

ШЕШІМ

29.11.2024 жылы

Алматы қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 166

город Алматы

Алматы қаласының тұрғын үйін 2030 жылға дейін  
реновациялау бағдарламасын бекіту туралы

«Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 3-бабының 20) тармақшасына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

- Қоса беріліп отырған Алматы қаласының тұрғын үйін 2030 жылға дейін реновациялау бағдарламасы бекітілсін.
- Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы  
мәслихатының төрағасы



М. Отыншиев

00000668

Алматы қаласы мәслихатының  
2024 жылғы 29 қарашадағы  
№ 166 шешіміне қосымша

## **Алматы қаласының тұрғын үйін 2030 жылға дейін реновациялау БАҒДАРЛАМАСЫ**

### **1. Жалпы ережелер**

Алматы қаласының тұрғын үйін 2030 жылға дейін реновациялау бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) Алматы қаласының әкімдігі Қазақстан Республикасының «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңының 4-бабы 9-40) тармақшасына сәйкес әзірледі.

Алматы қаласындағы тұрғын үйді реновациялау – ескі, сейсминалық төзімсіз ғимараттар мен құрылыштарды реконструкциялау немесе бұзы арқылы Алматы қаласындағы апартты тұрғын үй қорының көбеюін болдырмау, әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымының тұрғын аумақтарын дамытуды қамтамасыз ету мақсатында азаматтардың тіршілік ету ортасын жаңартуға және өмір сүруіне, қоғамдық кеңістікке қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған іс-шаралар жиынтығы.

Бағдарламаны іске асыру мерзімі: 2024-2030 жылдар.

Бағдарламаға 1930-1980 жылдар аралығында салынған, екі қабатқа дейінгі ескі және (немесе) апартты көппәтерлі үйлер, адамдардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тұрғын үйлерді пайдалану жағдайларын жақсартуға, сондай-ақ мұндай объектілерді сәулеттік келбетіне сәйкес келтіруге бағытталған даму бағдарламалары мен Шеберлік жоспарларға сәйкес аумақ пен инфрақұрылымның құрылышын кешенді өзгертуді талап ететін жеке тұрғын үй құрылыштары, өнеркәсіптік, коммерциялық, қоғамдық және өзге де объектілер кіреді.

Реновациялауға жататын объектілердің тізбесін ғимараттар мен құрылыштардың сейсминалық төзімділігі саласындағы ғылыми-зерттеу институттарының қорытындысы негізінде Алматы қаласының атқарушы органы айқындейді. Алматы қаласы мәслихатының құрылышы, сәулет, қала құрылышы, жер қатынастары және қоғамдық кеңістіктерді дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясының көлісімі бойынша жергілікті атқарушы органның қаулысымен бекітіледі.

Бағдарлама объектілерінің тізбесіне енғізілген көппәтерлі үйлерді және өзге де объектілерді бұзы кезектілігін ескі көппәтерлі үйлердің және өзге де реновация объектілерінің техникалық жай-қуйін ескере отырып, Реновациялау оғисі белгілейді.

Бағдарламаға тарихи және (немесе) сәулеттік құндылығы бар көппәтерлі үйлерді немесе өзге де объектілерді қосқан жағдайда, мұндай объектілер сакталуы тиіс.

Бағдарламаны қаржыландыру Қазақстан Республикасының «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Занының 4-3-бабы 8-тармағына сәйкес жергілікті бюджет және өзге де көздер есебінен жүзеге асырылуы мүмкін. Алматы қаласының атқарушы органы тұрғын үйді реновациялау бағдарламасын іске асыру үшін үәкілдепті ұйымды айқындайды және қаржыландырады.

Ашықтық пен транспаренттілік үшін Бағдарламаны іске асыру мәселелері бойынша ақпараттандыру бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ «Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының ресми сайтында тиісті ақпаратты жариялау арқылы жүзеге асырылады.

Бағдарламада келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) реновация - адамдардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында объектілерді пайдалану жағдайларын жақсартуға, сондай-ақ мұндай объектілерді реконструкциялау (күрделі жөндеу), реставрациялау немесе салу, ескі және (немесе) апатты құрылыш объектілерін бұза отырып, жаңа құрылыш объектілерін тұрғызу арқылы елді мекеннің сәулеттік келбетіне сәйкес келтіруге бағытталған, құрылыш объектілерін, оның ішінде ескі және (немесе) апатты объектілерді жаңарту жөніндегі шаралар кешені;

2) реновациялау жобасы – реновациялауға жататын жер учаскесінде нүктелік немесе кешенді құрылыш салу түріндегі жоба;

3) реновациялау учаскесі – реновациялау жүргізу болжанатын жер учаскесі;

4) тұрғынжай – тұрақты тұруға арналған және соған пайдаланылатын, белгіленген техникалық, санитариялық және басқа да міндетті талаптарға сай келетін жеке тұрғын үй бірлігі (жеке тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме);

5) реконструкция – объектіні жаңарту және жаңғырту қажеттілігіне байланысты жекелеген үй-жайларды, ғимараттың бір бөлігін немесе жалпы ғимаратты өзгерту;

6) тұрғын үй (тұрғын ғимарат) – ортақ мүлік болып табылатын, тұрғын үй-жайлардан, сондай-ақ тұрғын емес үй-жайлардан және өзге де бөліктерден тұратын құрылыш;

7) тұрғын емес үй-жай – ортақ мүлік болып табылатын тұрғын үйдің бөліктерін қоспағанда, тұрақты тұрудан өзге мақсаттарда (өндірістік, коммерциялық немесе қоғамдық объект, дүкен, кафе, шеберхана, кенсе және тағы сол сияқты) үшін пайдаланылатын жеке үй-жай;

8) апатты ғимарат - адамдардың онда қауіпсіз болуын қамтамасыз ету мүмкін емес болғандықтан, одан әрі пайдалану дереу тоқтатылуы тиіс ғимарат;

9) реновациялау объектілерінің тізбесі – Алматы қаласы әкімдігінін қаулысымен бекітілетін ескі және (немесе) апатты құрылыш объектілерінің тізімі;

10) ескі тұрғын үй (үй) – конструкциялары мен негізі жоғары физикалық тозу нәтижесінде техникалық сараптаманың қорытындысына сәйкес берілген пайдалану талаптарын қанагаттандырмайтын тұрғын үй;

11) реновациялау объектісі – жер участкерінде, оның ішінде тектоникалық опырылымда, қызыл сзықтарда, сондай-ақ су қорғау және санитариялық-қорғаныш аймақтарында орналасқан жеке тұрған немесе ескі үйлер тобы, тұрғын емес өнеркәсіптік, коммерциялық, қоғамдық және өзге де объектілер;

12) ғимараттың, объектінің (элементтің) табиғи тозуы - уақыттың белгілі бір сәтіне белгіленетін табиғи-климаттық және техногендік факторлар әсерінің нәтижесінде олардың бастапқы техникалық-пайдаланушылық қасиеттерін жоғалту дәрежесі; КР ҚЖ 1.04-102-2012 «Ғимараттар мен құрылыштардың физикалық тозуын бағалау қағидаларына» сәйкес табиғи, климаттық және өзге де факторлар әсерінің нәтижесінде бастапқы техникалық-пайдаланушылық қасиеттерін (төзімділігін, орнықтылығын, беріктігін және басқаларды) жоғалту;

13) қоныс аудару қоры (тұрғын үй қоры) – Бағдарламаны іске асыру шенберінде реновациялау объектілері иелерінің тұракты және/немесе уақытша тұруы мақсатында қоныс аудару қорын қалыптастыруға арналған Қазақстан Республикасының (КР) қолданыстағы заңнамасына сәйкес уәкілетті ұйымға не инвесторға тиесілі барлық тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың жиынтығы;

14) Бағдарлама әкімшісі - «Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы;

15) уәкілетті ұйым - Алматы қаласы әкімдігінің қаулысымен айқындалған Бағдарламаны іске асыруға жауапты «Алматы қаласы әкімдігінің курделі құрылыш кәсіпорны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

16) Реновациялау офисі - барлық тараптардың мұдделерін ескере отырып, реновациялау аудандарын жаңартудың алдын ала техникалық-экономикалық көрсеткіштерін қалыптастыру үшін құрылатын жобалық топ;

17) инвестор - Бағдарлама шенберінде инвестицияны жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалар;

18) ғимараттар мен құрылыштарды бұзу - ғимараттар мен құрылыштарды, сондай-ақ олардың элементтерін бөлшектеу немесе қирату арқылы толық немесе ішінара жою;

19) бағалау – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалау объектісінің ықтимал нарықтық немесе өзге құнын айқындау;

20) тұрғынжайдың тұрғын алаңы – тұрғынжайдағы тұрғын бөлмелердің (жатын бөлменің, мейманжайдың, балалар бөлмесінің, үйдегі кабинеттің және сол сияқтылардың) шаршы метрмен есептелетін алаңының жиынтығы;

21) тұрғынжайдың тұрғын емес алаңы - тұрғынжайдағы (пәтердегі) ішкі қосалқы бөлмелердің (ас үйдің, ванна бөлмесінің, дәретхананың, кіреберістің, дәліздің, пәтер қоймасының және сол сияқтылардың) шаршы метрмен есептелетін алаңының жиынтығы;

Осы Бағдарлама төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккен тұрғын үйлерге колданылмайды.

## **2. Ағымдағы жағдайды талдау**

Алматы қаласындағы ескі тұрғын үй проблемасын шешу мақсатында 2012-2015 жылдар кезеңінде Алматы қаласының әкімі 2012 жылғы 10 ақпанды бекіткен «Алматы қаласының аумағындағы ескі тұрғын үйлерді бұзу жөніндегі 2012-2015 жылдар бағдарламасы» пилоттық реновациялау бағдарламасы іске асырылды.

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 19 ақпандагы №1/124 қаулысымен «Алматыда тұрғын үй қорын реновациялаудың 2021-2025 жылдарға арналған бағдарламасы» бекітілді. Бағдарламада 708 ескі үйді бұзу көзделеді.

Бұрын іске асырылған реновациялау бағдарламалары заңнамалық деңгейде реттелмеген, көптеген процесс пен функциялар әртүрлі мемлекеттік органдарда қайталанған, құзыretі және реновациялаудың сәтті мысалдары болмаған.

Реновациялау участкеріне техникалық тапсырмалар себебін талдаусыз (әлеуметтік/экономикалық/экологиялық), участке/объект негізінде қалыптастырылды. Реновация «тұрғын үйді тұрғын үйге» айырбастаудың жалғыз функциясына айналды (адамның өмір салтын сапалы өзгертусіз).

Кешенді зерттеу мен талдаусыз қала реновациялау процесін қаланың басымдықтарын дамытуға емес, жобаның рентабельділігіне мүдделі құрылыш салушыға беруге мәжбүр болды.

Реновациялаудың өзіндік сәтті модельдері болмады, нашар тәжірибе қайталанды (посткеңестік), дегенмен процестерді өзгерту (жұмыс орындарын құру, тұрақты ортаны, жергілікті қауымдастықтарды қалыптастыру, тарихты сактау және табиғи ресурстарды қалпына келтіру) мақсатында реновация әлемдік тәжірибе (Еуропа, Қытай) болып табылады.

Жаңа құндылық пайда болған жоқ, қалалық жер қымбаттаған жоқ, өйткені жаңа экономикалық қызмет тұрларі пайда болған жоқ (капиталдандыру үлгаймады).

Бағдарламада көзделген қаржыландыру жүзеге асырылған жоқ.


Колданыстағы бағдарламада көзделмеген жоқ реновациялауды іске асыру тетіктері, тұрғындармен және халықпен өзара қарым-қатынас, ескі тұрғын үйдін меншік иелерінің кепілдіктері, сондай-ақ Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі Бас жоспары жаңа реновациялау бағдарламасын әзірлеу үшін негіз болды.

2012 жылы Алматы қаласында екі қабатқа дейінгі 1547 ескі көппәтерлі үй (16 059 пәтер) болған. Алматы қаласы әкімдігі бастамашылық еткен екі бағдарлама аясында 2012 жылдан бастап 181 ескі үй (1629 пәтер) бұзылды. Осылайша, Алматы қаласында 43 мыңнан астам қала тұрғыны тұратын 1366 ескі сейсмикалық тұрғыдан төзімсіз үй (14430 пәтер) әлі де апат алдында тұр.

Оның ішінде 192 үй (1976 пәтер) қызыл сзықтарда, 72 үй (752 пәтер) білім беру, денсаулық сақтау және спорт объектілері болашақта салынатын жерлерде және 21 үй (248 пәтер) су қорғау жолағында орналасқан. Тектоникалық опырылымда 71 үй (734 пәтер) бар, оның ішінде:

- Алатау ауданында - 1 үй (9 пәтер);
- Алмалы ауданында - 7 үй (65 пәтер);
- Әуезов ауданында - 1 үй (8 пәтер);
- Бостандық ауданында - 39 үй (410 пәтер);
- Жетісу ауданында - 10 үй (106 пәтер);
- Медеу ауданында - 13 үй (136 пәтер).

аудандар	2021 жылды		Бұзылды		2024 жылды	
	үйлер	пәтерлер	үйлер	пәтерлер	үйлер	пәтерлер
Алатау	111	1 266	9	77	102	1 189
Алмалы	157	1 413	35	290	122	1 123
Әуезов	95	1 023	20	202	75	821
Бостандық	272	2 662	26	200	246	2 462
Жетісу	169	1 656	35	304	134	1 352
Медеу	87	951	12	146	75	805
Наурызбай	26	325	-	-	26	325
Түрксіб	630	6 763	44	410	586	6 353
Барлығы Алматы	1 547	16 059	181	1 629	1 366	14 430



Алматы қаласы әкімдігінің тапсырысы бойынша 2017-2018 жылдары «ҚазКСФЗИ» АҚ жүргізген паспорттау нәтижелері негізінде қалыптастырылды.

Көппәтерлі үйлерден басқа, реновациялау объектілерінің тізбесіне қазіргі заманғы талаптар мен стандарттарға сәйкес келмейтін ғимараттар мен құрылыштар, оның ішінде жеке тұрғын үй құрылыштары, өнеркәсіптік және тозу деңгейі жоғары өзге де объектілер кіреді.

Реновациялауға объектілерінің тізбесі Алматы қаласы мәслихатының құрылыш, сәулет, қала құрылышы, жер қатанастары және қоғамдық қеңістіктерді дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясымен алдын ала талқыланады.

### SWOT-талдау

Күшті жақтары;	Әлсіз жақтары;
Алматы қаласының тұрғын үй қорын жаңарту және жаңғырту	Қаланың әлеуметтік инфрақұрылымына жүктемені ұлғайту (мектептердің, балабақшалардың, емханалардың жеткіліксіздігі, сондай-ақ ТКШ коммуникацияларына жүктеме түсіру)
Мүмкіндіктері;	Қауіптері;
Тұрғын үй жағдайларын жақсарту бойынша мекенжайына қарай қолдауды арттыру	Бюджеттік шектеулерге байланысты тұрғын үй құрылышын қолдауды қысқарту
Алматы қаласының аумақтық және әлеуметтік-экономикалық даму перспективаларын ескере отырып, тұрғын үй құрылышын жоспарлау	Тұрғын үй саясатының өнірлік саясатпен және аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамыту жөніндегі жоспарлармен сәйкес келмеуі

Реновациялау бағдарламаларының барлық артықшылығы мен әлеуетіне қарамастан, бағдарламаны іске асыруды қынданататын немесе баяулататын өз проблемалары мен қындықтары бар, соның ішінде:

1. Тұрғындармен қарым-қатынас. Реновациялау бағдарламаларын іске асыру тұрғындармен өзара әрекеттесу және қарым-қатынаста болу проблемаларына тап болуы мүмкін, өйткені бұл олардың әдеттегі өмір салтына әсер етеді және қоныс аударуға әкеледі;
2. Қаржыландыру. Реновациялау бағдарламалары едәуір инвестицияны қажет етуі мүмкін, сондықтан қаржыландыру көздерінің болуы, әсіресе ауқымды жобалар үшін ұлken қындық тудыруы мүмкін;
3. Құрылыш нормалары мен ережелері. Реновациялау бағдарламаларын іске асыру құрылыш нормалары мен ережелерінің талаптарына байланысты қындықтарға тап болуы мүмкін, бұл реновациялау процесін қынданатуы немесе қымбаттатуы мүмкін;
4. Сәулеттік мұра мәселелері. Кейбір жағдайларда реновация сәулеттік немесе тарихи құндылығы бар ғимараттарға не аудандарға әсер етуі мүмкін.

Мұндай жағдайларда, реновация қоғамның қарама-қайшы реакциясын тудырып, барынша жан-жақты тәсілді қажет етуі мүмкін;

5. Экологиялық мәселелер. Реновациялау процесі топырақтың, судың және ауаның ластануына байланысты экологиялық мәселелерді шешу қажеттілігін тудыруы мүмкін.

### **3. Халықаралық тәжірибелі талдау**

Ескі тұрғын үйді реновациялау - әлемнің көптеген елдерінің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі. Ескірғен ғимараттар азamatтардың өмір сүру сапасын нашарлатып қана қоймай, сонымен қатар энергия тиімділігі мен қауіпсіздігіне қатысты проблемалар тудырады. Тұрлі елдерде ескі тұрғын үйлерді бұзып, жаңа заманауи ғимараттар салуды қамтитын осы міндеттерді шешудің бірегей тәсілдері қолданылады.

**Германия: Жүйелі және экологиялық орнықты тәсіл.**

Негізінен энергия тиімділігі мен орнықты дамуға ден қойылады. KfW бағдарламасы шенберінде ескі ғимараттарды бұзуға және энергияны үнемдейтін жаңа үйлер салуға жеңілдетілген кредиттер мен субсидиялар берілді. Берлинде тұрғындарды ескі тұрғын үйден заманауи жайлышығы бар жаңа пәтерлерге көшіруді қамтитын ауқымды жобалар іске асырылада. Көміртегі шығарындыларын азайтуға және қалалардағы экологиялық жағдайды жақсартуға мүмкіндік беретін экологиялық таза материалдар мен технологияларды пайдалануға баса назар аударылады.

**Франция: Әлеуметтік интеграция және мәдени мұраны сақтау.**

Ескі тұрғын үйді реновациялау тек тұрғын үй жағдайын жақсарту тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік интеграция тұрғысынан да қарастырылады. ANRU бағдарламасы қолайсыз аудандардың тұрғындарын жаңа заманауи пәтерлерге көшіруге бағытталған. Бағдарламаның маңызды бөлігі сәулеттік мұраны сақтау болып табылады. Тарихи құндылығы жоқ ғимараттар ғана бұзылады, ал қалғандары қалпына келтіріліп, жаңғыртылады. Бұл қалалардың мәдени бірегейлігін сақтауға және оның тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

**Ұлыбритания: Мемлекеттік-жекешелік әріптестік.**

Ескі тұрғын үйді реновациялау бағдарламаларына мемлекет белсенді түрде қолдау білдіреді, алайда жеке инвестициялар да маңызды рөл атқарады. «Decent Homes» бағдарламасы жеке компаниялардың белсенді қатысуымен ескі ғимараттарды бұзып, жаңасын салуды көздейді. Бұл қосымша ресурстарды жұмылдыруға және тұрғын үй қорын жаңарту процесін жеделдетуге мүмкіндік береді. Халықтың аз қамтылған топтары үшін тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мүмкіндік беретін қолжетімді тұрғын үй салу бағдарламаның маңызды бөлігі болып табылады.

**Қытай: Ауқымды урбанизациялық жобалар.**

Қытай урбанизация мен халықтың тез көбеюіне байланысты ауқымды қындықтарға тап болды. Осыны шешу мақсатында ескі тұрғын үйлерді бұзып, жаңа тұрғын үй кешендерін салу бойынша ірі жобалар іске асырылуда. Бейжін мен Шанхай секілді ірі қалаларда ескі кварталдар дамыған инфрақұрылымы бар жаңа көпқабатты ғимараттармен ауыстырылады. Жасыл аймақтар мен қоғамдық қеңістіктерді құруға ерекше назар аударылады. Мұндай ауқымды жобаларды іске асыруда мемлекеттің қолдау білдіруі мен жеке инвестициялар шешуші рөл атқарады, бұл миллиондаған азаматтың тұрғын үй жағдайларын едәуір жақсартуға мүмкіндік береді.

**АҚШ: Қалалық аудандарды жаңарту.**

АҚШ-та ескі тұрғын үйді реновациялау қалалық аудандарды жаңарту бағдарламалары шенберінде жиі жүзеге асырылады. Мәселен, Нью-Йорктегі ескі ғимараттарды бұзып, жаңа тұрғын үй кешендерін салу жұмыстары белсенді жүргізілуде. Қолжетімді тұрғын үй салу және аудандардың инфрақұрылымын жақсарту маңызды максаттардың бірі болып табылады. Көшіру бағдарламалары ескі үйдің тұрғындарын жаңа заманауи пәтерлерге көшіруді қамтиды, бұл өмір суру сапасы мен әлеуметтік интеграцияны жақсартуға ықпал етеді.

**Жапония: Қауіпсіздік және орнықты даму.**

Жапонияда ғимараттардың табиғи апаттарға төзімділігін арттыру ескі тұрғын үйді реновациялаудың маңызды аспектісі болып табылады. Ескі ғимараттарды бұзып, жаңасын салу бағдарламалары сейсмикалық төзімділік пен энергия тиімділігін арттыру үшін заманауи технологияларды қолдануды қамтиды. Мәссеен, Токиода тұрғындарды ескі, әрі жер сілкінісін тұрғысынан осал ғимараттардан жаңа қауіпсіз және жайлы үйлерге көшіру жобалары белсенді түрде іске асырылуда. Мемлекеттік қолдау және субсидиялар тұрғын үй иелерін осы жобаларға қатысуға ынталандырады.

**Ресейдегі ескі тұрғын үйді реновациялау.**

Ескі тұрғын үйді реновациялау Ресей қалаларындағы, әсіресе ірі мегаполистердегі басым міндеттердің бірі болып табылады. Ресейде XX ғасырдың ортасында салынған тұрғын үйлердің біраз бөлігі қазіргі заманғы жайлышық, энергия тиімділігі және қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келмейді. Реновациялау бағдарламасы миллиондаған азаматтың тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, сондай-ақ қалалық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған.

Ресейдегі ескі тұрғын үй проблемасы кеңес дәуірінде, әсіресе 1960-1980 жылдары тұрғын үйлердің жаппай салынуына байланысты. «Хрушевкалар» және «брежневкалар» ретінде танымал болған осы ғимараттардың көбі бастапқыда уақытша шешімдер есебінде салынған, алайда олар әлі күнге дейін пайдаланылуда. Уақыт өте келе бұл ғимараттар тозып, қауіпті және энергиялық тұрғыдан тиімсіз болды, оларды ауыстыру қажеттілігі туды.

2017 жылдың басталған Мәскеудегі бағдарлама Ресейдегі ең ірі, әрі барынша танымал реновациялау жобаларының бірі болып табылады. Бағдарлама 5 мыңға жуық үйді бұзып, миллионнан астам тұрғынды жаңа, заманауи пәтерлерге көшіруді көздейді.

Жаңа үйлер заманауи жайлылық пен қауіпсіздік стандарттарын, соның ішінде жақсартылған дыбыс оқшаулағыш, энергияны ұнемдеу жүйелерін және заманауи инженерлік коммуникацияларды ескере отырып салынуда.

Бағдарлама қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал ететін жаңа мектептер, балабақшалар, емханалар, саябақтар мен қоғамдық қеңістіктер құруды қамтиды.

Реновациялау жобаларына көлік инфрақұрылымын дамыту, соның ішінде жаңа жолдар салу және қоғамдық көлікті жақсарту да кіреді.

Мәскеудегі реновациялау бағдарламасы кезең-кезеңімен іске асырылуда. Алдымен бағдарламаға енгізілген үйлерге кешенді тексеру жүргізіліп, жаңа тұрғын үй кешендерінің жобалары құрылуда. Ескі үйлердің тұрғындары жаңа пәтерлерге қоныс аударады, бұл ретте олар осыған ұқсас немесе алаңы үлкен, жағдайлары жақсы тұрғын үйды алады.

Тұрғындар жаңа пәтерге көшуді немесе өтемақы алууды таңдауға құқылы.

Бағдарлама Мәскеу бюджеті есебінен қаржыландырылады, бұл жақсы құрылыш пен көшіру сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Көбалалы отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға тұрғын үй беруді қоса алғанда, қоныс аударатын азаматтарды әлеуметтік қолдауға ерекше көңіл берлінеді.

Реновациялау бағдарламасының сәтті іске асырылуына қарамастан, бірқатар проблемасы мен қындықтары да бар. Кейбір тұрғындар өмір сүру жағдайының нашарлауынан қорқып немесе ұсынылған көшіру нұсқаларына көңілі толмай, үйлерінің бұзылуына қарсы болады. Бағдарламаның сыншылары қаланың сәулеттік тұрғыдан алуан түрлілігі мен тарихи мұрасының сақталуына жете назар аударылмауын алға тартады. Жаппай көшіру инфрақұрылым мен әлеуметтік объектілерді дамыту үшін едәуір күш-жігерді қажет етеді, бұл бағдарламаны әрдайым тез, әрі тиімді іске асыруға мүмкіндік бермейді.

Қолданыстағы проблемалар мен қындықтарға қарамастан, Мәскеу бағдарламасын табысты іске асыру көптеген посткенестік қалаларға үлгі болып, барынша ынгайлы және заманауи қалалық органды құруға ықпал етеді.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, ескі тұрғын үйді реновациялау жүйелі тәсілді, әрі мемлекеттің де, жеке инвесторлардың да белсененді қатысуын талап ететін күрделі және көп факторлы процесс болып табылады. Энергия тиімділігі, әлеуметтік интеграция, мәдени мұраны сақтау және орнықты даму табысты бағдарламалардың маңызды элементтерін құрайды.

#### **4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері**

Жайлар және қауіпсіз өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету, тіршілік ету ортасын жаңарту, қоғамдық қеңістік құру, Алматы қаласының апatty ғимараттары мен құрылыштарының көбеюін болдырмау, тұрғын үй аумақтарын, әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарына сәйкес қаланың

эстетикалық сәулеттік келбетін қалыптастыру Бағдарламаның мақсаты болып табылады.

Бағдарламаны іске асыру Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы және мыналарды қоса алғанда, «Полиорталықтық даму» бөлімі бойынша 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар міндеттерін орындауға ықпал етеді:

- 1) қолданыстағы қала құрылышы регламенттері мен Алматы қаласының сейсмикасын ескере отырып, азаматтарды абаттандырылған тұргын үймен қамтамасыз ету;
  - 2) апартты ғимараттар мен құрылыштардың жаппай пайда болуына жол бермеу;
  - 3) қаланың полиорталықтық құрылымын қалыптастыру;
  - 4) тіршілікті қамтамасыз ету үшін қажетті объектілердің жаяу жүргіншілерге қолжетімділігін арттыру, көлік инфрақұрылымына жүктемені азайту;
  - 5) жайлы өмір сұруге, демалуға және жұмыс істеуге бейімделген қалалық ортаның жаңа құрылымын құру;
  - 6) қолайлы инвестициялық ахуалды және Бағдарламаға жеке инвестицияларды тарту тетіктерін дамыту;
  - 7) Бағдарламаға қатысушылар арасындағы өзара іс-қимылдың түсінікті және ашық қағидаларын қалыптастыру;
  - 8) халықты әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету (білім беру және медициналық мекемелер, қоғамдық қеңістіктер және басқасы);
  - 9) Алматы қаласының сәулеттік келбетін жақсарту;
  - 10) ғимараттар мен құрылыштардың энергия тиімділігін және жайлышының заманауи стандарттарын қамтамасыз ету, құрылыш кезінде экологиялық таза материалдарды пайдалану, тарихи маңызы бар сәулел мұрасын сақтау;
  - 11) жұмыс орындарының санын ұлғайту және салық аударымдарын арттыру.
- Бағдарлама тиімділігінің негізгі көрсеткіштері мынадай:
- 1) ескі үйлердің санын 1 366-дан 690 бірлікке дейін қысқарту;
  - 2) ескі үйлерде тұратын кемінде 7 500 пәтердің меншік иесін көшіру.



## **5. Бағдарламаны іске асыру тетігі**

Алматы қаласының атқарушы органды Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларды іске асыру жөніндегі Жол картасының 11.3-тармағына сәйкес «Алматының Полиорталықтық дамуы» бөлімі бойынша тұргын үйді реновациялау бағдарламасын іске асыру үшін уәкілетті ұйымды айқындауды және қаржыландырады.

Уәкілетті ұйым реновациялау участеклерінде ескі тұрғын үйді және өзге де құрылыштық объектілерін сатып алу, жаңа тұрғын үй салу және реновациялау жобаларының сыртқы инженерлік жетекшілерін салу үшін инвесторларға мақсатты қайтарымды проценттік қарыздар беру үшін ақша қаржатын пайдаланады.

## 6. Бағдарламаға қатысуышылар мен олардың функциялары

Бағдарламаның қатысуышылары: ескі тұрғын үйлерде тұратын пәтердің меншік иелері, тұрғын емес өнеркәсіптік, коммерциялық, қоғамдық және өзге де объектілердің меншік иелері, «Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ - Бағдарлама әкімшісі, «Алматы қаласы әкімдігінің күрделі құрылыштық кәсіпорны» ЖШС - уәкілетті ұйым, «Алматыбасжоспар» ғылыми-зерттеу институты» ЖШС (бұдан әрі – АБЖ), «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ (бұдан әрі – АДО), инвесторлар, құрылыштық салушылар, мұдделі мемлекеттік ведомстволар мен ведомствоның бағынысты ұйымдар, қоғамдық ұйымдар.



- Определение объектов реновации и инвесторов
- Общая координация реализации проектов реновации
- Мониторинг проектов реновации

- Согласия на реновацию рассматриваемого квартала реновации
- Участие в формировании мнений и пожеланий реновируемых участков

- Разработка предварительных ТЭП
- Согласование предварительных ТЭП с уполномоченным государственным органом в области архитектурной и градостроительной деятельности

- Проведение ПИР
- Проектирование
- Получение разрешительных документов
- Финансирование
- Выкуп
- Снос
- Строительство

Бағдарлама әкімшісі Бағдарламаны үйлестіреді, оның барлық аспектінін басқарады. Бағдарлама әкімшісі инвестициялар тартады, серіктестіктер қалыптастырады және жобалардың тиімді іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Бағдарлама әкімшісі, уәкілетті ұйым және АБЖ бірлескен шешіммен техникалық-экономикалық көрсеткіштерді және мынадай функциялары бар реновациялау участеклерінің кеңістіктік параметрлерін әзірлеу үшін Реновациялау офисін құрады:

1. Реновациялау жобаларын жоспарлау және үйлестіру;
2. Реновациялау аудандарының/участеклерінің инженерлік инфрақұрылымының қолжетімділігін анықтау;
3. Қала құрылышын жаңарту, жаңа инфрақұрылым объектілері мен қоғамдық пайдалану кеңістіктерін құру үшін сәулет тұжырымдамалары мен дизайн жобаларды әзірлеу. Қаланың орнықты және полиорталықтық даму қағидаттарын сақтау;

4. Эскиздік жобалар мен техникалық құжаттаманы өзірлеу;

5. Қалалық ортаға, экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштерге, реновациялау аудандарының/учаскелерінің экономикалық және әлеуметтік тыныс-тіршілігіне талдау жүргізу;

6. 2030 жылға дейін Алматы қаласының көлік қаңқасының шеберлік жоспарына сәйкес мобилділікті қамтамасыз ету;

7. Мемлекеттік басқару органдарымен, бизнес-қоғамдастықпен, қоғамдық ұйымдармен және қала тұрғындарымен өзара іс-қимыл жасау.

Реновациялау офисі занды тұлға немесе занды тұлғаның филиалы/өкілдігі болып табылмайды. Реновациялау офисінің жұмысын ұйымдастыру және тәртібі Бағдарлама әкімшісінің, уәкілетті ұйымның және АБЖ-ның бірлескен шешімімен бекітілетін ережемен айқындалады.

Реновациялау офисінің құрамына Бағдарлама әкімшісінің, АБЖ, уәкілетті ұйымның, сондай-ақ басқа да мұдделі мемлекеттік ведомстволар мен ведомствоның багынысты ұйымдардың өкілдері кіреді (келісім бойынша).

Реновациялау участкелерінің техникалық-экономикалық көрсеткіштері мен кеңістіктік параметрлері сейсминалық төзімділік, болашақ ғимараттар мен құрылыштардың энергия тиімділігі, қолданылатын материалдардың экологиялығы, тарихи маңызы бар сәулеттік мұраны сақтау, жасыл аймақтар мен қоғамдық кеңістіктер құру, ғимараттар мен құрылыштардың қауіпсіздігі мен жайлыштырылғын арттыру, әлеуметтік инфрақұрылымға қолжетімділік, комьюнити орталықтарды және өзге де объектілерді құру, реновациялау участкелерінде жана экономикалық қызмет тұрларін құру бойынша талаптарды көздейді.

**АБЖ негізгі функциялары:**

1. Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі Бас жоспары негізінде бекітілген қала құрылышы құжаттарына сәйкес талдау және шеберлік жоспарының негізінде реновациялау участкесінің алдын ала техникалық-экономикалық көрсеткіштері мен кеңістіктік параметрлерін өзірлейді;

2. Реновациялау участкесінің алдын ала техникалық-экономикалық көрсеткіштері мен кеңістіктік параметрлерін сәулет және қала құрылышы қызметі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келіседі.

**Уәкілетті ұйымның негізгі функциялары:**

1. Реновациялау объектілерінің тізбесін қалыптастыру үшін ғимараттар мен құрылыштардың сейсминалық төзімділігі саласындағы ғылыми-зерттеу институттарының қорытындысын алады;

2. АДО-дан қызмет көрсету объектілерінің талдауын, тұрғындардың сұраныштарын талдауды және т.б қоса алғанда, бірақ онымен шектелмейтін әлеуметтік-экономикалық талдауды алады;

3. Санаттарға бөле отырып, объектілердің тізбесін қалыптастырады және жергілікті атқарушы органның бекітуіне дайындаиды;

4. Алматы қаласы бойынша реновациялау объектілерін бұзуга және ескі тұрғын үйдің меншік иелерін көшіруге мониторинг жасап, есебін жүргізеді;

5. Реновациялау жобаларының іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады;

6. Коныстандыру қорын басқарады;

7. Реновациялау, жаңа тұрғын үй салу және сыртқы инженерлік желілерді тарту участекелерінде ескі тұрғын үйлерді сатып алу үшін инвесторларға нысаналы қайтарымды проценттік қарыздар береді;

8. Реновациялау мәселелері бойынша консультациялық жұмыс жүргізеді;

9. Инвесторлармен реновациялау туралы келісімге (уәкілетті ұйымның қатысу үлесі болмаған кезде) және бірлескен қызмет туралы шартқа (уәкілетті ұйымның қатысу үлесі болған кезде) қол қояды;

10. Жеке инвестициялар, сондай-ақ меншікті және бюджет қаражаты есебінен инженерлік коммуникацияларды кеңейтуге және реновациялау участекелеріне жеткізуді ұйымдастырады және құрылышқа қатысады.

Инвестордың негізгі функциялары:

1. Реновациялау жобаларын дербес немесе уәкілетті ұйыммен бірлесіп іске асырады;

2. Реновациялау объектілерін, оның ішінде жаңа тұрғын үй құрылышы шектелген су корғау және санитариялық-қорғаныш аймақтарындағы объектілерді бұзады;

3. Коныстандыру қорын пайдалана отырып, реновациялау объектілерінің меншік иелерін көшіреді немесе объектілерді нарықтық құны бойынша, оның ішінде уәкілетті ұйым берген қарыздар есебінен сатып алады. Бұл ретте уәкілетті ұйым салынған объектідегі берілген алаңдарды кейіннен қайтарып бере отырып, бұзылатын реновациялау объектілерінің жалпы санының 50%-нан аспайтын көлемде инвесторға коныстандыру қорын бере алады;

4. Уәкілетті ұйыммен реновациялау туралы келісімді (уәкілетті ұйымның қатысу үлесі болмаған кезде) және бірлескен қызмет туралы шартты (уәкілетті ұйымның қатысу үлесі болған кезде) жасасады, жобаның тұжырымдамасын әзірлейді, іздестіру жұмыстары үшін жер участекесін пайдалануға рұқсат алады, эскиздік жобаны, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлейді, Қазақстан Республикасының қала құрылышы заңнамасы саласындағы барлық нормативтік-құқықтық нормаларды сактай отырып, реновациялау аумағында тұрғын үйлер мен өзге де объектілер салуды жүзеге асырады;

## **7. Тұрғын үй қорының тозу дәрежесін анықтау**

Тұрғын үйдің тозу дәрежесін ҚР ҚЖ 1.04-102-2012 «Гимараттар мен құрылыштардың табиғи тозуын бағалау қағидалары» сәйкес сараптамалық мамандандырылған ұйым айқындайды. Тозу дәрежесін анықтау кезінде салынған жылы, қабаттылығы, қабырға материалдары, жүргізілген күрделі жөндеулер мен сейсминалық төзімділігі ескеріледі.

Тиісті пайдалану кезінде тұрғын үйлердің есептік қызмет ету мерзімі:

Фимараттардың түрлери	Қызмет мерзімі, жыл
Кірпіш қабыргалары бар күрделі тас ғимараттар; темірбетон немесе металл қанқасы бар; ірі панельді қабыргалары және темірбетон жабындары бар кірпіш ғимараттар	140*
Кірпіш және ірі блокты қабыргалары, темірбетон жабындары бар ғимараттар	125
Кірпіштен, монолитті қожбетоннан, ұлутастан жасалған қабыргалары, темірбетон жабындылары бар ғимараттар; ірі блокты және ұсақ қож-блоктардан жасалған, ағаш жабындылары бар ғимараттар	100
Ағаш қабыргалары бар ғимараттар	50
Құрама-қалқан ғимараттары	30
<i>ЕСКЕРТУ. 1975 жылға дейін жаппай сериялардың үлгілік жобалары бойынша салынған ірі панельді ғимараттардан басқа (1-464 А және т.б.)</i>	

## 8. Бағдарламаны іске асыру өлшемшарттары мен тетіг

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, реновациялауға жататын көппәтерлі тұрғын үйлер орналасқан жер участекерінде жер участекерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңының 4-3-бабы 7-тармақшасына сәйкес Бағдарлама шенберінде барлық меншік иелерінің келісімі болған кезде ғана тұрғын үйлерді бұзуға жол беріледі.

Алматы қаласының атқарушы органды Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарына сәйкес тұрғын үйді реновациялау бағдарламасы бойынша бұзылған тұрғын үйдің орнына тұрғын үй салуды жүзеге асырады. Бұл ретте бұзу жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Реновациялау объектілерінің тізбесі 3 санатқа бөлінеді.

1-санат: Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарына және қолданыстағы нақты жоспарлау жоспарына сәйкес қызыл сзықтар жерінде (жолдарды, көшелерді кеңейту және ұзарту), Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2 тармағына сәйкес инженерлік инфрақұрылымның болашақ құрылышы жүргізіліп, әлеуметтік және өзге де объектілер салынатын жерде орналасқан реновациялау объектілері. Аталған реновациялау объектілері инвестициялық тартымсыз болып табылады.

1-санат бойынша реновациялау объектілерін Алматы қаласының әкімдігі мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен сатып алады және бұзады.

2-санат: Алматы қаласы үшін басым әлеуметтік, коммерциялық және өндірістік объектілерді, сондай-ақ уәкілетті үйлімның қоныстандыру қорын

қалыптастыру үшін тұрғын үйлерді салу мүмкіндігі көзделетін, инвесторлар үшін тартымсыз реновациялау объектілері. 2-санат бойынша реновациялау объектілерін көшіру және бұзуды уәкілетті ұйым жүзеге асырады.

2-санат бойынша босатылған жер участекелерінде Жобалық оффис Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарына және қолданыстағы нақты жоспарлау жобасына сәйкес қаланың басым бағыттарын ескере отырып, алдын ала техникалық-экономикалық көрсеткіштер әзірлейді. Техникалық-экономикалық көрсеткіштерге сәйкес Бағдарлама әкімшісі қоныстандыру қорын (уәкілетті ұйымның күшімен) қалыптастыру мақсатында тұрғын үйлер салу үшін осындағы жер участекелерін не Бағдарлама әкімшісінің қолданыстағы қаржы құралдарын ескере отырып, бизнесті, рекреациялық, әлеуметтік және өзге де объектілерді дамыту үшін коммерциялық және өндірістік аландарды пайдалану мүмкіндігін айқындауды. Жер участекелерін жоғарыда көрсетілген мақсаттар үшін пайдалану мүмкін болмаған жағдайда, Бағдарлама әкімшісі оларды Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы шешім қабылдайды.

2-санатқа енгізілген ескі үйлердің меншік иелеріне уәкілетті ұйым тұратын адамдардың санына қарамастан, техникалық паспорттарға сәйкес «бөлмеге бөлме» қағидаты бойынша ескі тұрғын үйдің орнына меншікті қоныстандыру қорынан жаңа пәтерлерді меншікке беретін болады.

Уәкілетті ұйым ұсынған көшіру нұсқалары мен талаптарынан тұрғындар бас тартқан жағдайда, ескі тұрғын үйдің меншік иелерінің одан әрі ескі үйде тұра беруіне құқығы бар, бұл ретте ескі үйде одан әрі тұра беру бойынша барлық қауіп-қатерді көшуден бас тартқан меншік иелерінің өзі көтереді. Уәкілетті ұйым 2-санат бойынша көшіруді бастауға шешім қабылдау үшін ескі тұрғын үйдің барлық тұрғындарының келісімі талап етілмейді.

Бағдарлама әкімшісінің шешімі негізінде 2-санат бойынша босатылған жер участекелерін уәкілетті ұйым бизнестің басым бағыттарын (жатақханалар, денсаулық сақтау мекемелері, оқу орындары, әлеуметтік кәсіпкерлікке арналған үй-жайлар, өндірістік объектілер, креативтік кеңістіктер, туристік кеңістіктер, қонақүйлер және т.б.) дамыту үшін бірлескен қызмет туралы шарттар жасасу арқылы инвесторларға сатады. Бұл ретте, бірлескен қызмет туралы шарттардағы уәкілетті ұйымның қатысу үлесі тәуелсіз бағалау компаниясы бағалаған бұзылған реновациялау объектілері тұрған жер участекесінің нарықтық құнына немесе уәкілетті ұйымның қоныс аударуға арналған шығындарын қоспағанда, бұзылмаған ескі тұрғын үйдің құнына байланысты айқындалады. Бизнестің басым бағытының құрылышы аяқталғаннан кейін инвесторлар уәкілетті ұйымның үлесін келісілген мерзім ішінде сатып алуға міндетті.

3-санат: кешенді құрылыш көзделетін бір орамда немесе көше шаршысында орналасқан реновациялау объектілері. Аталған реновациялау объектілері инвестициялық тартымды болып табылады. Санатқа даму бағдарламалары мен Шеберлік жоспарларға сәйкес аумақты және инфрақұрылымды салуды кешенді өзгертуді талап ететін полиорталықтардың, оның ішінде өнеркәсіптік кәсіпорындардың, тұрғын аймақтардың,

коммерциялық, қоғамдық және өзге де мақсаттағы аумактардың шекараларындағы объектілер жатады.

Реновациялау офисі реновациялау участкелерінің алдын ала техникалық-экономикалық көрсеткіштерін әзірлеп, сәulet және қала құрылышы қызметі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келіседі.

Реновациялау офисі берген алдын ала техникалық-экономикалық көрсеткіштер мен кеңістіктік параметрлердің негізінде уәкілетті үйым бәсекелесті реновациялау участкесіне инвесторды айқындау үшін (екі немесе одан да көп инвестор мұдделі болғанда) конкурс өткізеді.

Уәкілетті үйым басқа инвесторлар мұдделілік танытпаган кезде бастамашыл өтініш негізінде инвесторды айқындауга құқылы.

Инвесторды (инвесторларды) іріктеудің негізгі өлшемшарттары ашықтық, транспаренттілік, оң іскерлік бедел, залалсыз қызмет, қаржылық тұрақтылық және құрылыш саласындағы жеткілікті тәжірибе болып табылады.

Уәкілетті үйым белгілі бір инвестормен реновациялау жобасын іске асырудың белгіленген мерзімімен реновациялау туралы келісім жасасады. Реновациялау туралы келісімде меншік иелерін сатып алу немесе көшіру мерзімдері бір жылдан аспауы тиіс. Реновациялау жобаларын уақтылы іске асырғаны үшін инвестордың жауапкершілігін арттыру мақсатында инвестор реновациялау туралы келісім жасалғаннан кейін уәкілетті үйымға қайтарып алынбайтын банктік кепілдік береді.

Инвестор реновациялау туралы жасалған келісімнің шенберінде Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 71-бабына сәйкес іздестіру жұмыстары үшін жер участкесін пайдалануға уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатын алу үшін тиісті құжаттарды жергілікті атқарушы органға жолдайды. Уәкілетті үйым қол қойған реновациялау туралы келісім немесе бірлескен қызмет туралы шарт ұсынылған кезде іздестіру жұмыстары үшін жер участкесін пайдалануға рұқсатты Алматы қаласының атқарушы органды басым тәртіпте береді.

Реновациялау офисі берген алдын ала техникалық-экономикалық көрсеткіштер мен кеңістіктік параметрлердің негізінде инвестор Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарына және нақты жоспарлау жобаларына сәйкес құрылыш салуды үйымдастырудың және құрылыш саласындағы рұқсат беру ресімдерінен өтудің қолданыстағы қағидаларына сәйкес барлық қажетті құжаттар мен рұқсаттарды дербес әзірлейді және алады.

Әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымының болашақ құрылышы орнында орналасқан З-санаттағы реновациялау объектілерін Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі мемлекеттік бюджет есебінен сатып алады және бұзады.

Ескі үйлердің орнында жаңа объектілерді салуды, пайдалануға беруді және оларға кепілдік беруді инвестор Қазақстан Республикасының заңнамасында талап етілетін барлық нормалар мен стандарттарды сақтай отырып, уәкілетті үйымның қатысуының өз бетінше жүзеге асырады.

Инвестор уәкілетті ұйымның қоныстандыру қорын пайдаланған жағдайда, инвестор уәкілетті ұйымға реновациялау туралы жасалған келісімге немесе бірлескен қызмет туралы шартқа сәйкес пайдалануга берілгеннен кейін салынған объектідегі пайдаланылған қоныстандыру қоры аландарының көлемін қайтарады.

Инвестордың салымы (уәкілетті ұйыммен бірлескен қызмет туралы шарт жасасу кезінде) ақшалай қаражат, тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар, белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама, құрылышқа арналған жер участкесі, техникалық тексеру, техникалық аудит, бағалау құны бойынша жер участкелерін сатып алу, қаржылық аудит, жоба авторынан жобалау-сметалық құжаттама сатып алу, ведомстводан тыс кешенді сараптама, инженерлік ізденистер, жер участкесін топографиялық түсіру, құрылыштарды бұзу және бөлшектеу шығындары, сондай-ақ басқа да шығындар түрінде болуы мүмкін.

## **9. Ескі үйлердің меншік иелеріне өтеу тәртібі мен шарттары**

Ескі тұрғын үйдің меншік иелеріне кепілдікті қамтамасыз ету мақсатында Бағдарламада мәмілелер жасасудың мынадай шарттары көзделеді:

1) Айырбас шарты. Тұрғын үйді реновациялау бағдарламасына енгізілген көппәтерлі тұрғын үйлердің меншік иелеріне тұратын адамдардың санына қарамастан, техникалық паспорттарға сәйкес «бөлмеге бөлме» қағидаты бойынша қолданыстағы пәтерлердің орнына жаңа пәтерлер өз меншігіне беріледі. Бұл ретте жаңа тұрғын үйдегі тұрғын бөлмелердің саны тұрғын бөлмелердің қолданыстағы санынан кем болмауы тиіс. Осы тармақта көрсетілген шарттар бойынша берілген және бұзылатын тұрғын үйдің өлшемінен асатын тұрғын үйді реновациялау бағдарламаларын іске асыру жөніндегі уәкілетті ұйымның тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үй аланды артық деп есептелмейді.

2) Жылжымайтын мұлікті меншікке беру шарты. Бағдарламага енгізілген көппәтерлі үйлердің меншік иесі уәкілетті ұйымның/инвестордың меншігіне өзіне тиесілі тұрғын үйді береді. Өз кезегінде, аталған тұрғын үйдің орнына уәкілетті ұйым/инвестор реновациялау объектісі тұрған жерде орналасқан, салынған тұрғын үйді салып, пайдалануға бергеннен кейін «бөлмеге бөлме» қағидаты бойынша, бірақ кемінде бір бөлмелі пәтерді меншігіне беруге міндеттенеді. Бұл ретте, жаңа үйде баламалы тұрғын үй берілгенге дейін уәкілетті ұйым/инвестор реновациялау объектісінің меншік иесіне уақытша тұру үшін, өтеусіз пайдалану шарты, бірінші талап бойынша меншік иесінің өз меншігіне қайта ресімдеуге құқығы бар «бөлмеге бөлме» қағидатымен баламалы тұрғын үйді ұсынады.

3) Сатып алу-сату шарты. Бағдарламаға енгізілген көппәтерлі тұрғын үйлердің меншік иесі өз үйін тәуелсіз бағалау компаниясы анықтаған нарықтық құны бойынша инвесторға сатуға құқылы. Бұл талап уәкілетті ұйымға қолданылмайды.

Тұрғын емес үй-жайлардың, ғимараттар мен құрылыштардың меншік иелеріне олардың құны тәуелсіз бағалау компаниясы айқындаған құн бойынша өтеледі не тараптардың келісімі бойынша салынып жатқан объектілерде баламалы тұрғын емес үй-жайлар беріледі.

«Бөлмеге бөлме» қагидаты бойынша ескі тұрғын үйдің орнына жаңа пәтер беру кезінде екі немесе одан да көп пәтерге қайта жасалған, қайта жоспарланған, қайта жаңартылған және заңдастырылған пәтерлер көппәтерлі үйді пайдалану басталған күн туралы ақпаратты қамтитын құжат негізінде бастапқы тіркеуге сәйкес келетін пәтерлермен ауыстырылатын болады.

Баламалы тұрғын үй деп мынадай талаптарға сәйкес келетін жылжымайтын мүлік объектісі ұғынылады:

- берілетін үй-жайдағы бөлмелер саны босатылатын бөлмеден кем болмауы тиіс, ал берілетін үй-жайдың жалпы ауданы ҚР ҚЖ 3.02-101-2012\* «Көппәтерлі тұрғын ғимараттар» сәйкес (01.03.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен) III-IV класты тұрғын үй ғимараттары үшін пәтерлердің ұсынылатын алаңдары) 7-кестеге сәйкес босатылатын бөлменің жалпы ауданынан кем болмауы тиіс;

- жаңадан берілген тұрғын үй таза әрленіп, тұруға дайын күйінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген стандарттарға сәйкес келуі тиіс. Тұрғын үй-жайлар халықтың әлеуметтік осал топтарының түрлі талаптарына бейімделу мүмкіндігін (есік ойықтарының ені, табалдырықтардың болуы, өту ғабариттері, жуынатын бөлмелердің өлшемдері және әртүрлі жабдықтарды орнату мүмкіндігі) қарастыруы тиіс.

Уәкілетті ұйым немесе инвестор халықтың әлеуметтік осал тобы (бұдан әрі - ХӘОТ) санатына жататын адамдарды көшіру кезінде мынадай ұсынымдарды ұстанады:

1. Коныс аударуға/уақытша тұруға арналған жаңа пәтерлер негізінен бірінші қабаттарда немесе лифтпен жабдықталған үйлерде, жер деңгейінен лифт алаңының деңгейіне кедергісіз кіреберісте, сондай-ақ табалдырықсыз беріледі;

2. ХӘОТ санатындағы адамдарды көшіру ауданның әлеуметтік-экономикалық параметрлері бойынша негізінен ұқсас аудандарда жүзеге асырылады;

3. Жүрек-қан тамырлары аурулары, тыныс алу жүйесі, когнитивті және менталды бұзылыстары бар ХӘОТ санатындағы адамдарды саябақтар мен жасыл желектері бар аудандарға көшіру ұсынылады.

## 10. Күтілетін нәтижелер және нысаналы индикаторлар

Реновациялау нәтижесінде тәмендегі нысаналы индикаторларды орындау күтілуде:

Iс-шараның атауы	2024	2025	2026	2027	2028	2029	2030	Жиынтығы
Апартты және ескі үйдің қоныс аударған меншік иелерінің саны	338	667	1165	1264	1290	1276	1500	7500
Бұзылған үйлердің саны	31	78	95	100	108	121	143	676

Бағдарламаны іске асыру кемінде 676 ескі үйді бұзуға мүмкіндік береді. Бұл 7500-ден астам отбасын жаңа тұрғын үйге көшіруге ықпал етеді. Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарына сәйкес реновациялау объектілерінің орнына жаңа объектілерді салу құрылымдығын, әлеуметтік, көліктік және инженерлік инфрақұрылымның қолжетімділігін және қала мұддесіндегі өзге де талаптарды ескере отырып жүргізіледі.

Қала тұрғындарының қауіпсіз өмір сүруін қамтамасыз ету және қаланың сәулеттік келбетін жақсарту мақсатында қаңқалы-қамысты үйлерді, сондай-ақ тектоникалық опырылымдағы ескі үйлерді бұзу Бағдарламаны іске асырудың бірінші кезектегі шаралары болып табылады.

Бұл қатты тозған үйлерде тұратын қала тұрғындарының тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мүмкіндік беріп, жеке инвесторларды тарту үшін қолайлыш ахуал жасайды.



ШЕШІМ

29.11.2024 года

Алматы қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 166

город Алматы

**Об утверждении программы  
реконструкции жилища города Алматы до 2030 года**

В соответствии с подпунктом 20) статьи 3 Закона Республики Казахстан «Об особом статусе города Алматы» маслихат города Алматы **РЕШИЛ:**

- Утвердить прилагаемую программу реконструкции жилища города Алматы до 2030 года.
- Настоящее решение вводится в действие со дня его принятия.

Председатель маслихата  
города Алматы



М. Отыншиев

00000667

Приложение к решению  
маслихата города Алматы  
от 29 ноября 2024 года № 166

## ПРОГРАММА реконструкции жилища города Алматы до 2030 года

### 1. Общие положения

Программа реконструкции жилища города Алматы до 2030 года (далее – Программа) разработана акиматом города Алматы в соответствии с подпунктом 9-40) статьи 4 Закона Республики Казахстан «Об особом статусе города Алматы».

Реконструкция жилища в городе Алматы – совокупность мероприятий, направленных на обновление среды жизнедеятельности и создание благоприятных условий проживания граждан, общественного пространства в целях предотвращения роста аварийного жилищного фонда в городе Алматы, обеспечения развития жилых территорий социальной, инженерной и транспортной инфраструктуры, путем реконструкции или сноса ветхих, несейсмостойких зданий и сооружений.

Срок реализации Программы: 2024 – 2030 годы.

В Программу включены ветхие и (или) аварийные многоквартирные дома до двух этажей, построенных в период с 1930 по 1980 годы, индивидуальные жилищные строения, промышленные, коммерческие, общественные и иные объекты, требующие комплексного изменения застройки территории и инфраструктуры в соответствии с программами развития и Мастер-планами, направленных на улучшение условий их эксплуатации в целях обеспечения безопасности жизни и здоровья людей, а также приведение таких объектов в соответствие с архитектурным обликом.

